

Өтінімдерді қарау тәртібі және мерзімі

әлеуетті қарыз алушыларға арналған ақпарат

кеңес беру – 30 минуттан басталады

дербес Кредиттік менеджер:

- ✓ Банкте кеңес береді немесе өнімдер мен кредит беру талаптарын ұсыну үшін сізге барады, сіздің бизнесіңізбен танысып, тілектеріңізді тыңдайды;
- ✓ қолайлы кредит беру талаптары (мөлшерлемесі, мерзімі және т.б.) және Банктің жобаны қарау процесі бойынша ақпаратты ұсынады. Қаржыландыру мәмілесін құрылымдауға көмектеседі (қажет болған жағдайда) және Сіздің өтінішіңізді қарау үшін қажетті құжаттар пакеті бойынша кеңес береді;
- ✓ басқа банктік өнімдер (депозиттер, кепілдіктер және т.б.) бойынша қолайлы талаптарды ұсынады.

Әлеуетті қарыз алушының құжаттар пакетін жинауы:

- ✓ Сіз құжаттарды жинайсыз (өтінімнің қаралуы үшін), бұл ретте құжаттарды жинау барысында дербес Кредиттік менеджер көмек көрсетеді және қажет болған жағдайда жетіспейтін құжаттар туралы хабарлайды;
- ✓ Сіз таңдаған тәуелсіз бағалау компаниясы кепіл ретінде ұсынылған мүлікті бағалауды жүзеге асырады.

жобаны Банктің сараптауы – 10 жұмыс күні ішінде*

Дербес Кредиттік менеджер:

- ✓ қарыз алушының кредит желісін ашу/кредит алу туралы өтінішін және сауалнамасын (қажет болған жағдайда толтыруға көмектеседі), сондай-ақ басқа да қажетті құжаттарды қабылдайды;
- ✓ қарыз алушының бизнес орнына бару (қажет болған жағдайда) арқылы кредит төлеу қабілеттілігіне талдау жүргізеді және Банктің уәкілетті органында қарыз алушының мәселесін қарау бойынша іс-шаралар жүргізеді;
- ✓ Банктің Уәкілетті органы қабылдаған шешім және кредит беру талаптары туралы (комиссиялар, ерекше талаптар, кепілге ұсынылатын мүліктің құқық белгілейтін/құқық қуәландыратын құжаттарын ретке келтіру қажеттілігі және т.б.) туралы хабарлайды.

**Қарау мерзімі Сізге байланысты (барлық қажетті құжатты уақытында ұсыну, оларды толтыру дұрыстығы және т.б.).*

Әлеуетті қарыз алушының құжаттар пакетін жинауы (екінші рет):

Сіз құжаттарды жинайсыз (кредит алу үшін), бұл ретте құжаттарды жинау барысында дербес Кредиттік менеджер көмек көрсетеді және қажет болған жағдайда жетіспейтін құжаттар туралы хабарлайды.

Банктің кредитті ресімдеуі және беруі – 2 жұмыс күнінен басталады*:

- ✓ Сіз кредит алу үшін барлық қажетті талапты орындағаннан кейін тиісті тіркеуші органда мемлекеттік тіркеу үшін (қажет болған жағдайда) мүлікті кепілге беру шартын ұсынады;
- ✓ Сіздің дербес Кредиттік менеджеріңіз кредит беру шартын, төлем кестелерін қол қоюға ұсынады және олардың талаптарымен таныстырады, сондай-ақ кредит беру бойынша қажетті шараларды жүргізеді.

** күндер саны кепілге ұсынылатын мүлік туралы кепіл шарттарын тіркеу мерзіміне байланысты.*